

Ордабасы ауданының пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды, жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 14 ақпандағы № 40 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 2 наурызда № 4464 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 21 қарашадағы № 592 қаулысымен

Ескеरту. Күші жойылды - Түркістан облысы Ордабасы ауданы әкімдігінің 21.11.2018 № 592 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексінің 18 бабының 7) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 18 бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы Заңының 31 бабының 2-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9 бабының 7), 8), 9) тармақшаларына сәйкес, Ордабасы ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

3. Ата-анасынан көмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру үйымдарының тұлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарының квотасы 3-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

4. "Ордабасы ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Ордабасы ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Ордабасы ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Омарбековқа жүктелсін.

6. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

P.Кайпжанов

Ордабасы ауданы әкімдігінің

2018 жылғы 14 ақпандагы

№ 40 қаулысына 1-қосымша

Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа оналастыру үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Ордабасы ауданы үйымдарының тізімі

р / с	Ұйым атауы	жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік саны)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	"Ордабасы құс" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	382	1	4
2	"Батсу - Водаканал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	155	1	1
3	Оңтүстік Қазақстан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Ордабасы аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	396	1	4
	Барлығы	933	1	9

Ордабасы ауданы әкімдігінің

2018 жылғы 14 ақпандагы

№ 40 қаулысына 2-қосымша

Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін, жұмыс орындарына квотасы белгіленетін Ордабасы ауданының ұйымдарының тізімі

р / с	Ұйым атаяуы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік саны)	Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының саны
1	Оңтүстік Қазақстан облысы деңсаулық сактау басқармасының "Ордабасы аудандық орталық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	396	1	4
	Барлығы	396	1	4

Ордабасы ауданы экімдігінің
2018 жылғы 14 ақпандығы
№ 40 қаулысына 3-қосымша

Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындары квотасы белгіленетін Ордабасы ауданының ұйымдарының тізімі

р / с	Ұйым атаяуы	Жұмыскерлердің тізімдік саны	Квотаның мөлшері (%) жұмыскерлердің тізімдік саны)	Ата-анасынан кәмелеттік жасқа толғанға дейін айырылған немесе ата-анасының қамқорлығының қалған, білім беру үйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтар үшін жұмыс орындарының саны
1	"Амангелді атындағы жалпы орта мектебі"	162	1	1
	Барлық	162	1	1